

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сұрағанова С.Қ., Отарбай А.Ғ. Дүниежүзілік туристік қызметтер нарығындағы медициналық туризмнің даму тенденциясы // ЕҰУ Хабаршысы: экономикалық серия, №3, 2015, 96-102 б.
2. Галкин В.В. Медицинский бизнес: учеб. пособие. – М: КноРусГод, 2010. – С. 272.
3. Соколова Н.А. Туризм в Российской Федерации. Правовое регулирование. – М: Волтерс Клувер, – 2010. – С. 83.
4. Krista Wendt. Medical Tourism: Trends and Opportunities, University of Nevada: Las Vegas, – 2012. – P. 31.
5. Medical Tourism Statistics & Facts [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.patientsbeyondborders.com/medical-tourism-statistics-facts>
6. Pawan K.Chagan. Medical Tourism Under Mode II of GATS (WTO): Opportunities, Challenges and Entrepreneurial Strategies. – Delhi, 2011. – P. 30.
7. EPOS Health management Kazakhstan. Health Sector Technology Transfer and Institutional Reform Project //отчет А2, А4, А5, С7, 2014.
8. McKinsey&Company. Health Care in India: The Road Ahead. New Delhi: CII and McKinsey and Company, – 2015. – P. 35.
9. Miller, R.K., Washington, K. Medical tourism. Consumer Health care, –2009. – P. 186.

ӘОЖ 913.1/913.8(=1.2)

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТОПОНИМИКАЛЫҚ АТАУЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сәрсенбай Самал Азаматқызы

ssarsenbaeva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультеті, туризм мамандығының
3-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі М.Амрина

Еліміз егемендігін алып, шет елдер елімізді беделді мемлекет ретінде танып жатқан шақта, халқымыздың өткен дәуірдегі тарихын, көрші елдермен жасалған мәдени қарым – қатынасын, еліміздің табиғи байлығын, кең – байтақ , ұлан-ғайыр жерімізді сипаттайтын жер-су атауларын қайтаратын уақыт жетті деп есептейміз.

СҚО елді мекендер атауы қаншалықты біздің өткен тарихымызға жауап бере алады, яғни дүниеге көзқарасымызды, тіршілік әрекетімізге, тұрмыс күй-жағдайымызға, шаруашылық кәсіптерінің көрінісіне, әдет-ғұрып , салт –сана, жөн-жобаның көрік бейнесін зерделеуге мүмкіншілік беретінін айқындауға тырыстық. Олай болса, осынау қасиетті, құдіретті жеріміз-тұтас бір шежіре, оны зерделей білейік. Оның беті құпиясы ашылмаған кітап, ғаламат сырлы сөз.

Топонимика – география, тарих және тіл білімі ғылымдарының түйіспесінде дамып келе жатқан жаңа ғылым. Ол халықтың бай тілінің негізінде жасалып, оның тарихымен байланысты дамиды. Біздің еліміздің өзінде мыңдаған географиялық атаулар бар. Бірақ өкінішке орай, олардың едәуір бөлігінің мән- мағынасы әлі ашылмай отыр. Жас өлкетанушылар топонимикалық материалдарды жинау және өңдеу жөнінде ғалымдарға зор көмек көрсете алады. Атаулар халықтың мінезін, тарихын, оның қабілетін, тұрмысының ерекшелігін білдіреді [1].


Қазақстанның солтүстік аймағының географиялық жағдайы мен мекендеген халықтың ұлттық құрамына байланысты бұл өңірде жер-су аттарының орынсыз өзгеріске түсуінің тарихы мүлде әріден басталады. Ресей отаршылдығымен бетпе-бет келген өңірдегі қазақтардың тілі мен діліне, ұлттық салт-санасына нұқсан келтіре отырып, жергілікті

халықты маргиналдық санадағы тобырға айналдыру екі жарым ғасыр бойы империялық саясат негізінде жүйелі түрде жүргізілді [2].

Қоныс аударушылар қазақ жеріне аяқ басысымен, сол жерге өз тілінде ат қоятын. Сөйтіп, ежелгі Ащыкөл, Тұщыкөл – Горькое, Пресное болып шыға келді. Мысалы, қазіргі Мамлют ауданының орталығы Мамлюка қаласының атауы жөнінде мынадай мағлұматтарды анықтадық: Ресей империясының 1822 жылғы “Сібір қазақтары жөніндегі” Жарғы бойынша Қазақстанның солтүстік өңіріндегі әкімшілік өзгерістердің заңды жалғасы ретінде 1824 жылы 29 сәуірде Көкшетау сыртқы округі құрылған. Округ немесе дуан құрамына кіретін қазақтар алдымен “Ақ патшаға” адалдық антын беруге тиіс болды. Ол үшін орыс әкімшілігінің өкілдері Көкшетауға өздерімен бірге бірнеше татар молдаларын ала келген. Олардың ішінде бұл өңірде Абылай заманынан бұрыннан қарым – қатынасы бар, мал саудасымен айналысатын Усман Мәулітов деген молда да болған. Ол Жылғара Байтоқиннің “тамыры”, яғни жақсы араласқан досы екен [3].

Көкшетау дуанының аға сұлтаны Ғұбайдолла Уәлиханұлы Усман молданы бала оқытуға шақырып, қоныс беруге уағдаласады. Сол Усман Мәулітов 1830 жылы наурызда Рысай-Атығай болысының аумағына көшіп келеді. Оған Есіл өзенінің жағасында, Новоникольск редутынан қырық шақырым жердегі “Тасыбек тоғайы” деген жерден үй салуға, Қарағаш деген жерден (Кіндікті, Талдыөл, Жалтыркөл маңайы) пішен дайындауға жер кесіліп беріледі [4].

Алғашқы 4 жылда Мәулітовтер үш үй салып алады. Ірі қара өсіріп, кәсіппен айналыса бастайды. Усман мектебінде қазақтың елу баласы дәріс алады. Бұл елді мекеннің салынуына байланысты мұрағат құжаттарында ел ағасы Шана (немесе Шона), оның інілері Сүйік және Мәтен Онышевтер, Кәмел Жұматай, Табылды Тасыбеков деген адамдардың есімдері аталады. (Қазір де ұрпақтары болуы тиіс) Тасыбек тоғайына алты шақырым жерде Шаңырақ қарасу деген көл аты кездеседі. Жылдар өтіп, бұл елді-мекеннің аты Мәуліт, орысшасы Мамлютка болып өзгеріп кеткен.



Сурет 1 - Топонимиканың басқа ғылымдармен байланысы (автормен құрастырылған)

Аймаққа жан-жақты зерттеулер жүргізе отырып, келесі ерекшеліктерді атап көрсетуге болады.

1. Жер бедерінің дәл берілуі. Мысалы: Ағынкөл (көл, Айыртау ауд), Айыртау (көл, Айыртау ауд), Ақсу (ауыл, Шалақын ауд), Жуантөбе (тау, Ақжар ауд), Заречное (ауыл, Есіл ауд), Зоркөл (көл, Айыртау ауд), Қамыскөл (көл, Есіл ауд), Қарасу (көл, Есіл ауд), Қаратал (ауыл, Шал ақын ауд) [5].

2. Өсімдік жамылғысы мен жануарларға байланысты. Мысалы: Ағашүйкөл (көл, Жамбыл ауд), Айғыржығылған (батпақ, Жамбыл ауд), Ақбалық (көл, Жамбыл ауд), Жабағы (көл, Қызылжар ауд), Жалғызқайын (көл, Шал ақын ауд), Жалғызқарағай (тұрақ, Ақжар ауд), Жарқайың (ауыл, Есіл ауд), Змеиная (дөң, Айыртау ауд), Көкайғыр (көл, Аққайын ауд)

3. Салыстырмалы әдіс арқылы берілуі. Мысалы: Красное (көл, Мамлют ауд), Солёное (көл, Жұмабаев ауд), Айсары (батпақ, Ақжар ауд), Егінді (тұрақ, Уәлиханов ауд), Жыландыкөл, Есіл ауд), Қандыөлең (көл, Уәлиханов ауд), Қарғалы (тұрақ, Уәлиханов ауд), Қималы (тұрақ, Ақжар ауд), Қиялы (ауыл, Аққайын ауд).

Еліміздің солтүстік аймағының елді-мекен атаулары сол жердің географиялық сипатына, флора мен фаунасына тікелей байланысын анықтай отырып, төмендегі заңдылықтарға назар аударайық.

1. Нақтылық. Мысалы: Қамыскөл (көл, Есіл ауд), Ақтас (ауыл, тұрақ, Есіл ауд), Қарағай (ауыл, Есіл ауд), Жекекөл (көл, Жамбыл ауд), Аралағаш (ауыл, Аққайын ауд), Тереңкөл (ауыл, Айыртау ауд), Бескөл (село, Қызылжар ауд), Дубровное (ауыл, Мамлют ауд), Биіктас (көл, Аққайын және Қызылжар ауд шекарасында)

2. Көшірме. Мысалы: Ақтөбе (тау, Ақжар ауд, тұрақ, Тайынша ауд), Алматы (тұрақ, Ақжар ауд), Жаркент (көл, Айыртау ауд), Чкалово (ауыл, Тайынша ауд), Жамбыл (ауыл, Есіл ауд), Кирово (ауыл, Тайынша ауд).

3. Қатарластық. Мысалы: Кіші Ащыкөл-Үлкен Ащыкөл (көл, Жамбыл ауд), Кіші Қарақамыс-Үлкен Қарақамыс (көл, Жамбыл ауд), Кіші Қараой-үлкен Қараой (көл, Ақжар ауд), Кіші Қоскөл -Үлкен Қоскөл (көл, Айыртау ауд), Кіші Сарыкөл-Үлкен Сарыкөл (тұрақ, Есіл ауд), Кіші Сүлікті-Үлкен Сүлікті (көл, Жамбыл ауд), Кіші Шырпылы-Үлкен Шырпылы (көл, Жамбыл ауд), Үлкен Торанғұл – Кіші Торанғұл (көл, Есіл ауд).

4. Сапалық түс. Мысалы: Чистое (көл, Мағжан, Жамбыл ауд), Черное (көл, Қызылжар ауд), Яркое (көл, Мамлют ауд), Светлое (көл, Жамбыл ауд), Көктерек (ауыл, Аққайын ауд), Ақсу (ауыл, Шалақын ауд), Тұзкөл (көл, Аққайын ауд), Жамантұз (көл, Тайынша ауд), Қызыл (көл, Қызылжар ауд) [6].

Солтүстік Қазақстан аумағы көпұлтты, бұл аймақта 106 ұлт өкілі тұрады. Бірақ, 98%-ды неізгі 7 ұлт: орыстар – 50,1%, қазақтар – 33,8%, украиндар- 4,7%, немістер- 3,5%, поляктар – 2,3%, татарлар – 2,1%, белорустар – 1,1%. Яғни, біздің атауларымызда осы халықтардан кірме атаулардың болуы заңды. Мысалы Тайынша ауданында неміс ұлты мен поляк ұлттары көбірек тұрады. Осы аудандарда неміс және поляк тіліндегі атаулар кездеседі. Украин, орыс, белорус аймақтарынан қонысаударушылардың атаулары көптеп кездеседі. Біз осы жағдайды саралап, облыс аумағындағы қазақ ұлты көп шоғырланған және орыс, украин, белорус ұлттары көп шоғырланған аймақтарға зерттеу жұмыстарын жүргіздік.

Ақжар ауданы - Солтүстік Қазақстан облысындағы аудан. Аудан орталығы Талшық кенті. Аудан 1997 жылы құрылды. Ақжар ауданы Ленин және Ленинград аудандарының қосылу нәтижесінен құрылды. Аудан аймағы - 8,04 мың шаршы километр. 2015 жылғы 1 қаңтарға халқының саны 17 431 адамды құрады. Халықтың тығыздығы (1км²) 2,2 адам [7].

қазақ халқы — 13 611 чел. (78,08 %)
орыс халқы— 2 424 чел. (13,90 %)
украин халқы — 497 чел. (2,85 %)
белорус халқы — 228 чел. (1,31 %)
неміс халқы — 239 чел. (1,31 %)
татар халқы — 207 чел. (1,19 %)
поляк халқы — 57 чел. (0,33 %)
басқалары — 328 чел. (1,88 %)
барлығы — 17 431 чел. (100,00 %) 8].

Кісі есімі	Гидроним	Ороним	Фитотопоним зоотопоним	Т.б(тарихи,сапа, табиғат құбылыстары, көшірілгендер)
Айсары Ақсақбай Ақтан Амангелді Арғын Баймырза Борсықбай Даут, Жарқын Қамбет Қожақонған Сартай Тоқсымақ,Томан Хайрулла Шорман Тоқсан,Қошаң	Аксу, Ащыкөл Баскөл Жарықкөл Қаракұдық Қарасу Қаратомар Қондыкөл Қостомар Қулыкөл Құндыкөл Мұқырөзен Ұзынкөл, Қопа	Ақтөбе Жуантөбе Қарасай Кескентөбе Кіші Қараой Обалысай Ойжайылма Тереңсай Үлкен Қараой Қыртаға	Алқатерек Алматы - 1,Алматы-2 Бақаойнақ Бауырқамыс, Бүйірағаш Қарағайтерек Қарағаш, Қарашілік Қарасойған,Қызы лағаш Қосқоға, Қосшілік Сулықамыс Талшық, Тоғызқамыс Түйеөткен Үшқамыс, Шілік Шұбарайғыр Шырпы, Ұялы	Ақсары, Ащыкен Аяққылан, Байтүс Бостандық(советон им) Жаңаауыл(советони м) Жаңатұрмыс(совето ним) Жауар, Кенащы Қималы, Қошалы Қызылту(советоним) Манақ, Үлгілі(советоним) Шабдар
Барлығы-79				

Кесте 1. Ақжар ауданында елді-мекендердің қазақ тіліндегі атаулар

Кісі есімі	Т.б(тарихи,сапа,етістіктабиғат құбылыстары,көшірілгендер)
Ленинградское(советоним) Горьковское	Восходская(советоним), Коминтерн- Найзатомар Коммунизм(советоним), Кузбасское(советоним) Майское (советоним), Менжинское, Советское (советоним)
арлығы-9	

Кесте 2 - Ақжар ауданында елді-мекендердің орыс тіліндегі атаулары

Ақжар ауданында қазақтар басым болғандықтан, бұл аймақта сәйкесінше қазақ тіліндегі топонимдер жетіп артылады.

Міне, кейінгі ұрпақ өз ата-бабаларының алдындағы перзенттік парызын терең түсініп, ел болуымыздың тірегі, жеріміздік қорғаны әрі көркі болған осы аталарымыздың есімдерін мәңгі жадымызда сақтауға қатысты жұмыстар жасалу керек. Бұл – кейінге қалдыра беретін іс емес.Әлі де алды тоқсаннан асып, арты жетпіске ілігіп отырған аға ұрпақ өкілдері баршылық. Міне, солардың естіген – білгендерін қағазға түсіріп, сол арқылы қазақ жерлерінің байырғы, тарихи атауларын орнына келтіру – маңызды міндет болып табылады!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Б.Жүсіпов. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы.(2 том, 430 бет)
2. Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. Алматы, 1974
3. Аханов К. Тіл білімдерінің негіздері. Алматы, 1974
4. Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты –СҚОММ. 158-кор
5. Әубәкіров Ж., Әбдірахманов С., Базарбаев Қ., Орысша-қазақша географиялық түсіндірме сөздік
6. Ержанова Ұ.Р. Батыс Қазақстан облысы топонимдерінің этнолингвистикалық сипаты. Автореферат. Дис.Ф.ғ.к. Алматы, 1998, 24 бет
7. <https://ru.wikipedia.org>

УДК 338.48:631.111.3

АГРОТУРИЗМ КАК ОДИН ИЗ ФАКТОРОВ ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ СЕЛЬСКОЙ МЕСТНОСТИ

Сулейменова Асель Булатовна

assel_suleimenova@inbox.ru

студентка 4 курса Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева

Научный руководитель - старший преподаватель, магистр Шаимова А.Н.

Аграрный бизнес в Казахстане становится все более выгодным и важным сектором для экономики. Агротуризм как явление относительно новое, существующее около 40 лет и лишь в последнее десятилетие получившее бурное развитие за рубежом, и ставшее узнаваемым в Казахстане, имеет множество определений и классифицируется по-разному, в зависимости от принятой модели. Агротуризм является примером несельскохозяйственного развития сельских местностей. Он включает в себя достаточно широкую область знаний в сфере экономики, организации предпринимательства, маркетинга и управления.

В качестве методов исследования использовались общелогические приемы познания (анализ и синтез, обобщение, аналогии), методы эмпирического и экономического анализа. Материалами исследования послужили публикации отечественных и зарубежных авторов по проблемам аграрного туризма.

Насегоднешний день не существует конкретного определения понятия «агротуризм». Аграрный туризм можно рассматривать в узком и широком значении. В широком значении аграрный туризм представляет собой предпринимательскую деятельность туристской направленности за пределами городской черты, ориентированная на использование природных, культурно-исторических и иных ресурсов сельской местности и ее специфики для создания комплексного туристского продукта. Агротуризм следует рассматривать также как одну из разновидностей экологического туризма, предполагающую предоставление средств размещения в сельской местности. Определение сельского туризма, или агротуризма, довольно расплывчато. Главная его особенность в том, что клиенты предлагают проживание в сельской местности и знакомство с жизнью и бытом фермеров.

Агротуризм был частью протекционистской политики государства в Италии и Франции в 1980-е гг., когда в странах ЕС ввели систему квотирования, резко сократились объемы сельхозпроизводства и возникла необходимость создать новые рабочие места на селе. Но агротуризм быстро превратился в хороший бизнес – малозатратный и конкурентоспособный. Начиная с 1972 г. агротуризм выделяется в мировой практике в отдельную отрасль. Так, аграрный (сельский) туризм в европейских государствах обеспечивает доход, равный внутреннему валовому продукту такой страны, как Венгрия. В настоящий момент в Европе зарегистрировано более 2 млн. койко-мест для туристов в